

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(18) сәуір-маусым 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAMP 03.20.00

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ ОМБЫ УЕЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӘСІПШІЛІГІ**Қоңырбаев Н.Ө.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада Щербина экспедициясының мүшесі болған Әлихан Бөкейханның Омбы уезі қазақтарының кәсіпшілік түрлері баяндалады. Мұнда жер-су атаулары, егін салу мен оны өңдеу, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы, тұз өңдеу, сауда-саттық түрлері сипатталады. **Түйін сөздер:** қолөнершілер, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, тары, бидай, соқа, егіншілік

РЕМЕСЛА У КАЗАХОВ ОМСКОГО УЕЗДА КОНЦА XIX ВЕКА**Қоңырбаев Н.Ө.**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант 2-го курса.
г. Нур-Султан, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются полевые исследования политического деятеля казахского народа, председателя партии Алаш Алихана Бокейхана о промыслах казахов Омского уезда собранные им во время степной экспедиции. Здесь описываются названия местностей, земледелие, рыбное хозяйство, лесное хозяйство, соляной промысел, виды торговли. **Ключевые слова:** земледелие, плуг, пшеница, просо, рыбное хозяйство, лесное хозяйство, ремесленники.

SANDCRAFTS OF THE KAZAKHS OF THE OMSK DISTRICT IN THE END OF THE 19th CENTURY**Konyrbayev N.**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract. The article offered the proceedings of the national leader of the Kazakh people, the Chairman of the party Alash Alikhan Bokeikhan about the art sandcrafts of the Kazakhs of Omsk district, collected during the expedition of the steppe. It describes the names of areas, agriculture, fisheries, forestry, saltfishing, types of trade.

Keywords: agriculture, plow, wheat, millet, fisheries, forestry, artisans.

Кіріспе

Мақалада ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның 1896-1903 жылдардағы Щербина экспедициясы кезіндегі Омбы уезі қазақтарының егіншілік, қолөнер, сауда-саттық, жер өңдеу, балық шаруашылығы түрлері еңбегі бүгінгі күнмен салыстырылып қаралады. Бұл XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы халықтың бірте-бірте отырықшылыққа бейімделіп, түрлі кәсіп түрлерін игере бастаған кезі болатын. Жалпы егіншілік қай халық тұрмысында болса да орны ерекше.

Жалпы жерді бір жерде отырып пайдалану, бірнеше кәсіп түрлерін игеруге мол мүмкіндік туғызады.

Омбы уезді аумағы қанша дегенмен солтүстік болып есептеледі. Сондықтан теріскей бетте көбіне бидай мен сұлы екті. Егістік егетін аумақтарды көбіне шаруалар ірі жер иеленушілерінен сатып алып отырған. Егер еістік егетін аумақ сор немесе құнарсыз болса, онда ол аумаққа бір-екі жыл ешнәрсе екпей жерді демалдырған. Бұл алдағы жылдарда жақсы өнім алу үшін. Солтүстік жерлерінде өзен-көлдер мен орман тоғайлар өте мол. Бұл осы аумақтарда балық шаруашылығы мен орман шаруашылығының дамуына мол мүмкіндік туғызады.

Талқылау

XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханның өзі қатысқан Щербина экспедициясының әртүрлі есеп-түрлерінің жинақтары жарық көрді. Осы жинақтың 11 томы түгелдей далалық өлкеге арналған болатын. Ол еңбек «Букейханов А. Общий очерк Омского уезда. // Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные, экспедицией по исследованию степных областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. Омск. Типография штаба Сибирского военного округа. 1902 г.». Сондай-ақ мұндай зерттеулер Әлихантанушы Сұлтан хан Аққұлұлының «Әлихан Бөкейхан туралы он бес томдық қазақша, орысша шығармалары» жинағын баса айтқан абзал. Осындай үлкен бағыттағы зерттеулер бұл тақырыпқа жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтиже

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген бірден-бір тұлға. Соның бірі, XIX ғасырдың аяғында қазақтың шоғыры өте көп орналасқан Омбы уезі болатын. Қазіргі таңда бұл жер Ресей мемлекетінің жері болып табылады. Өз кезегінде ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхан Омбы уезін аралап халық қандай кәсіппен айналысады, шаруашылығы қалай, егіндік-шабындық жерлердің көлемін анықтап, жер-суын, орман-тоғайын, даласын есепке алды. Жалпы XIX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін қазақтар өңірдің жалғыз жер өңдеушілері болып келді. Ә. Бөкейхан өз жұмыстарын ең бірінші бұл аймақтың мал шаруашылығынан емес егін шаруашылығынан бастады [1, 12-13-бб.]. Омбы уезі егін шаруашылығы өте нашар дамыған аймақ болып табылған. Уезд (уезд – төменгі қатардағы әкімшілік-аумақтық бірлік) тұрғындарының 3,3 пайызының егістік шаруашылығына тиесілі өз жерлері болды. Ал әрбір егін егушілерге 11 пұтты (1 пұт – салмағы 16 келіге тең ауырлық өлшемі) бидай себетін алқап тиесілі, яғни 2 десятина (1 десятина – 1 гектар 9 сотық - Н.Қ.) жер берілген. Уездің солтүстік бөлігіне қарағанда, оңтүстік аумағында қазақтар ауыл шаруашылығымен көптеп айналысқан. Оңтүстікте 4,5 % болса, теріскей жағы 1 % - ды ғана құрайды. Шаруалар көбінде бидай мен сұлы, тары, бұршақ аздап зығыр еккен. Бидай бұл – негізгі астық тұқымдасына жататын аса маңызды азық-түліктік дәнді дақыл. Қазіргі таңда Қазақстанда бидайдың алты түрі: еділ бидайы, польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қатты бидай, көбен бидай өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі. Егіс көлемі, түсімі, дәнінің сапасы жағынан жаздық бидай көбірек егіледі. Көбінесе Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс, орталық обылыстарында өседі. Биіктігі 40-130 см. Бидайды орып алған соң, оның сабағы яғни, сабанын қыстай малға береді немесе тұрғын үй салғанда лай-батпаққа араластырады. Сабан лай-батпақты біріктіріп өте жақсы ұстайды. Омбы уезінде көптеген шаруа қожалықтары егістік жерлерінің 53 % өз күштерімен игерсе, 25 % адамдарды жалдау арқылы қаратып, өнім алады. Жерді бірлесіп өңдеу жылқылары аз адамдар арасында кеңінен таралды. Жерді өңдеу үшін түмен соқалары (Түмен қаласынан әкелген) мен темір тістері бар тырмалар пайдаланған. Соқа қара жерді жырту үшін болса, тырма сол

жыртылған жердің кесегін майдалап тегістеу үшін қолданылады. Бұл өңірде егіншілікпен тұрақты айналысу 1895-1897 жылдары ғана жүргізілді [2, 320-321-бб.].

Ал, бұл өңірде 1870-1880 жылдардан бері егін шаруашылығымен айналысқандар бар. Покровской болысында Қыпшақбай 20 жылдан (1882-1885) бері егін шаруашылығымен айналысады. Ал, оған дейін Сырым руынан шыққан әкесі де Сілеті көлінің бойында егін шаруашылығымен айналысқан. Жерді 7 рубльге сатып алған түмендік соқалармен жыртып, жаңа егістікті бөлу кезінде, қалың көде (көде – көпжылдық тікен шөбі, биіктігі 100-250 см - Н.Қ.) өскен жерлерді тандайды. Себебі көде өскен аумақтар басқа жерлерге қарағанда құнарлы келеді. Жер өңдеудегі құралдар біртекті болған. Оған кетпен, ағаш соқасы, үлкен тырма, қол тырма және мала пайдаланылды. Дақылды қолмен егіп, жерді жылқының күшімен жыртып. Күзде жиналған өнімді ұрада (ұра – астық сақтау үшін жерді қазып жасайтын қамба) сақтап, үстін мықтап жапқан. Ұраны әдетте су баспайтын құрғақ жерден аузын дөңгелек пішінде тар етіп, түбі мен бүйірін кең етіп қазады. Астық төгуден бұрын ішін тазалап, әбден кептіреді. Ол үшін ішіне от жағып құрғатады. Ұрада көбінесе бидай сақталған. Ұраға су, қар жаңбыр өтпеу үшін, ұраның бетіне жылқының немесе өгіз терісін қойып, оны топырақпен жақсылап жабады. Ұраның беті неғұрлым жақсы жабылса, соғырлым ішіндегі зат бұзылмай (бүлінбей) ұзақ сақталады. Соңғы кездерде оңтүстік өңірде ұраны картоп, сыбиз сияқты көкөністер сақтауға пайдаланады [3, 548-б.]. Көктемде себілетін егістікке қара күзде жер жыртуға қарағанда, ерте көктемде жырту жақсы нәтиже берген. Ал, қазіргі оңтүстік облыстарда жерді көбіне көктемде жыртады. Жер жырту кезінде 5 жылқы немесе 6 өгіз соқаға байланған. Олар жерді 4 вершокқа (вершок – орыстың 4,4 см шамасындағы көне ұзындық өлшемі) дейін жыртады. Сонда шамамен 13-13,2 см тереңдігінде ғана жерді жыртып алған. Көбінде жер жыртығанда жердің қара топырақты жерлерін тандаған. Қара топырақты аумақтар басқа жерлерге қарағанда анағұрлым құнарлы келеді. Ескі жерді көбіне көктемде жыртып, себебі сол кезде жер қатпай қара топырақты болып тұрады. Ал, егер шақат жерлерде (шақат – еш нәрсе өспеген, қағы кепкен сортаң жер) үлкен кесектер кездессе, онда 10-15 рет үстінен жүріп, толық тегістелгенге дейін тырмалаған. Тырма жыр жыртығаннан (жерді айдағаннан) кейін жерді тегістеуге арналған құрал. Тырма жерге қаттырақ батып кесектерді майдалауы және жердің сай жері мен қыр (дөң, биік) жерлерінің тегістелуі үшін жасалады [4, 2-б.].

Қазіргі таңда Сыр бойының орта ағысында ескі жерлерді көктемде жыртып, артынша топырағы кесек-кесек болып қатып қалмас үшін үстінен тырмамен тырмалайды. Жерді тырмалағанда тырманың үстіне ауыр темір немесе бөрене ағаш салады. Жер әбден тырмаланып, малалап болғасын барып, дәнді-дақылды (тұқымды) сепкен. Жаңа жерге бидайды алғашқы бірінші және екінші жылдары сепкен, ал сұлыны үшінші жылы егіп, содан кейін жерді демалдырған. Себебі сұлы еккен жерді келесі жылы арамшөптер басып қалады. Бұл келер маусымда осы жерге егілген дәнді дақылдың өсуіне, көп зиян келтіреді. Сондықтан сұлы егілген жерлерге келесі жылы дәнді-дақылдар себілмеген. Кейде жер жетпеген кезде ғана үйінде жұмыс күші көп адамдар екен, бірақ өнім алу үшін бұл мол еңбекті қажет етеді [5, 2-б.]. Егін егілмей қалған жерлерге бірінші жылдары: қурай, қияқ, шырмауық, мысыққұйрық сияқты арам шөптер қаулап басады. Араға бір-екі жыл салып, қаулап өскен арам шөптердің орнына, төрт түлік малдың жеуіне жақсы шөптер өсе бастайды. Ал, 10-15 жылдан соң ғана бұл аумақтарға көде (көде – көпжылдық тікен шөбі, биіктігі 100-250 см - Н.Қ.) шығады. Осы жерде тұратын шаруа Қыпшақбай 18 жыл бос жатқан жерді пайдаланып, жақсы өнім алған. Қыпшақбай өзі тандаған осындай жақсы учаскелерден (телімдерден) 2-3 пұт (1 пұт – 16 келі - Н.Қ.) ғана бидай алған. Бұл аумақта 6-7 пұт өнім беретін жерлер кездеспейді [2, 322-323-бб.]. Күзде бидай піскен (орға келген) кезде ерлермен бірге әйелдер де егістікті қол орақпен орып, тезірек жинап алуға тырысады. Өнімді уақтылы ертерек жинаса, жаңбыр мен қарға қалмайды. Жинап алынған бидайды баулап (баулау – бір шоқ етіп жинау - Н.Қ.) буып тоқыған. Егістік даласынан жиналған бидайды жауын-

шашынның астында қалып, еңбек далаға кетпесін деп, 5-6 баудан кішігірім қоймаларға уақытша бірнеше күнге сақтаған. Сосын «қырман» (қырман – астық бастыратын ашық алаң) жасап, бидайды соған жинайды. Қырманға егістік жиналғасын оны күндіз құстардан, түнде ұрылар мен ірі қара малдардан қорғайды. Себебі аң құстың аяғы тиетін болса, өнім сатқанда арзан бағаға бағаланады. Егістігі орылып, бидайы жиналып болған аймақтарға бірінші ірі қара малдарын, одан кейінұсақ малдарды жайған. Бидайдың сабандары өте құнарлы болады. Бидайдан ең жақсы өнім алынғанда 40 пұт шығады, ал орташасы 15-20 пұттай болады. Сұлы мен бұршақтың жарты келі (0,5) пұт тұқымынан – сұлы 10 пұт, бұршақ 8-9 пұт өнім берген. Сұлы – астық тұқымдас дәнді-дақылдарға жататын біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік. Жалпы әлемде сұлының жетпіс түрі бар. Біздің елімізде екі түрі ғана өседі. Сонымен қатар сұлы тағамдық және мал азықтық мақсатта да қолданылады. Сұлының сабаны мен топанының мал азықтық құндылығы, басқа дәнді дақылдардан әлдеқайда жоғары. Жалпы сұлы адам денсаулығына да, малға да өте пайдалы. Қазіргі таңда Қазақстанның оңтүстік аумағында сұлыны көкпар мен бәйгеге қосатын аттарға көбірек береді. Сабан мен топанмүйізді ірі-қара малдар мен жұмысқа (арбаға) жегілетін жылқыларға беріледі. Қорған болыстығының (Қорған – Ресей Федерациясының Батыс-Сібір жазығының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан қала) 2-ші ауылының қазағы Смайыл Лекарь ұзақ жылдар бойы егін шаруашылығымен айналысқан. Смайыл Лекарь 8 жыл бұрын (1894 жылы) қазақтардың көшпенді мал шаруашылығымен айналысуынан өзінің егістік жерлерін тастауға мәжбүр болды. Алайда, 3 жылдан бері (1899 жылы) күн көрісінің қиындағанына байланысты қайтадан жер жыртып, егін егеді. Егер жаздық бидай себетін болса 3-4 елі (3-4) см тереңдігінде ғана егеді. Ал, күздік бидай егетін уақытта 4-5 елі тереңдікте бидай дәнін салады. Бидай себілгеннен кейін, келесі жылы ол жерлерге қарабидай немесе сұлы сепкен. Егер бидай егетін жер нашар болса, онда жерді 3-4 жылға демалдырып, қайта егеді. Жерді парға (пар – жерді 6 ай немесе 1-2 жылға демалдыру - Н.Қ.) қалдырып, қарабидай (қарабидай – астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік; Қазақстанда 2 түрі бар: бірі жабайы қарабидай, екіншісі мәдени қарабидай) егеді, төртінші жылы сұлы сеуіп, одан кейін жерді дем алдырады. Күзде қарабидай егетін жерді жыртып, көктемде ұрықты себетін кезде тағы бір рет тырмалап барып, сол жерге егеді. Сұлыны қолмен сеуіп, ер адамдаршалғы орақпен (шалғы – екі қолмен оратын орақ), ал әйелдер кішкене қол орақпен орады. Орылған егінді көбіне жылқымен үстінен бастырады. Шаруалар аздап картоп та егіп көрген, бірақ шопандар (қойшылар) тонап кететініне байланысты соңғы кезде екпейді. Жер өңдеушіліктегі жетістіктері үшін қазақтарға сый-сыяпаттар да берілген. Мысалы, сұлтан Досан Ханбабин 1833 ж. Көкпекті маңында жер өңдегені үшін топазды сақина алған [6, 2-б.].

Егін көп бейнетпен шықса да, жақсылап қараса беретін пайдасы мол. Егін көбіне жері құмшауыт, тың жерлерге егіледі. 1909 жылы Қостанай уезінде жүз үйдің 89-ы 670 десятина (1 десятина – 1 гектар 9 сотық - Н.Қ.) жерге егін салған. Соның бір дәлелі қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин Қыпшақ Сейітқұл еңбегінде былай дейді: «Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен өзенге арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жыйнап алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге, малға айырбас етіп, осылай айналысу арқасында бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды» дейді [9, 1-2-б.]. Мұжық (орыс мұжығы) жақсы қара топырақтағы жерін үшке бөліп, бұны «трехполье» деп атаған. Біріне бидай, екіншісіне қарабидай (қарабидай – лат. *Secale* – астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік)

салады, үшінші бөлігін келесі жылға тынықтырып бос (қалдырады) жатқызады. Жердің егілмей бос жатқан бөлігіне келесі жылы міндетті түрде егін егіледі. Бір-екі жыл тыныққан жерлер, жылда егін егілетіп жүрген аумаққа қарағанда молырақ өнім береді. Қазіргі таңда Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде егін егетін кезде, көбіне бұрын 10-15 жыл соқа түспеген жерлерге егіледі. Қазақстанның солтүстік жағы жаңбырлы болып келгендіктен бұл өңірлерде бидай жаңбыр суымен өседі. Ал, оңтүстіктегі Қазығұрт тауының баурайларында да бидай жаңбыр суларымен өнім береді. Ал, Сырдарияның ортаңғы ағысында бидайды тек суармашылықпен ғана өсіреді. XIX ғасырдың соңында қазақтардың көпшілігі кәсіпшілікпен шұғылдана бастады. Мысалы, кәсіпшілікпен шұғылданғандар: Көкшетау уезінде – 38,0% болса, Атбасар уезінде – 15,2% болған [8, 3-6.].

